

Пәннің аты: математика	Уақыты:13.03.17	Кабинет:109 2 «б» сынып	Мұғалім: Онайбаева Б.Б
Сабақтың атауы	Қосу мен азайту		
Мақсаты	<p>Оқушыларды өзара кері есептер құрастыруға және шығаруға жаттықтыру. Көпбұрыштар түрлері жайындағы түсінікті тиянақтау. Екі таңбалы сандарды оқуға, жазуға және салыстыра білуге машықтандыру. Тез ойлап тез есептеуге үйрету.</p> <p>Білімділігі: екі таңбалы санның ондықтарға және бірліктерге жіктелуі және сол білімге негізделген есептеу тәсілдерімен таныстыру.</p> <p>Дамытушылығы: тапсырмаларды орындау арқылы ой — өрістерін дамыту, өз беттерінше есептерді шығару қабілеттерін дамыту.</p> <p>Тәрбиелігі: шығармашылықпен жұмыс жасауға үйрету, ұйымшылдықпен жұмыс жасауға, бір — біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу.</p> <p>Көрнекіліктер: кеспе сандар қасса, карточкалар геометриялық фигуралар, слайдтар.</p> <p>Сабақтың түрі: Жаңа материалды оқыту, игеру, логикалық тапсырмалар беру.</p>		
Күтілетін нәтиже			
	Мұғалімнің іс - әрекеті	Оқушының іс - әрекеті	
Психологиялық ахуал	<p>Психологиялық дайындық</p> <p>Біз балдырған баламыз, Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып білім аламыз.</p>	<p>Оқушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.</p>	
Қызығушылықты ояту	<p>Психологиялық тренинг. Кімнің қандай жағымсыз қасиеті бар соны параққа жазу.</p> <p>Парақты мыжып лақтыру. Барлық қиындықтардан арылу.</p>	<p>Жаңа сабаққа деген қызығушылықтары оянып, ерекше ынтамен кіріседі.</p>	

<p>Мағынаны тану</p>	<p>Сөзжұмбақты шешу. 1дм — де неше см бар?- 10см 100 саны неше таңбалы сан? 1м — де неше дм бар? 1м — де неше см бар? Қосуды қай амалмен тексереміз? Азайтуды қай амалмен тексереміз? Сыйымдылықтың өлшем бірлігі? Массаның өлшем бірлігі?</p>	<p>Әр топ өз жауаптарынбереді.</p>
<p>Жаңа сабақ:</p>	<p>100 — ге дейін санау. Ауызша есептер айту. Ондықтармен бірліктерден құрылған санды жазу және оқу 2 онд 4 бірл 24 3 онд 2 бірл 32 9 онд 6 бірл 96 5 онд 7 бірл 57 8 онд 1 бірл 81 7 онд 9 бірл 79</p>	<p>Мұқият тыңдайды және орындайды</p>
<p>Ой толғаныс</p>	<p>Оқулықпен жұмыс. Әйнекшелердің орнындағы сандарды суретті пайдаланып тауып жазу: $90+5=95$ $60+0=60$ $40+4=44$ $95 - 5=90$ $60 - 0 =60$ $44 - 4=40$ $95 - 90=5$ $60 - 60=0$ $44 - 40=4$ $5+90=95$ $0+60=60$ $4+40=44$</p>	<p>Топтық жұмыс</p>
<p>Сергіту сәті</p>	<p>Орманда кірпі келеді, Саңырауқұлақ тереді. Кездесті, міне, керегі: Екеуі қайың астынан. Біреуі терек қасынан. Қанша олар болмақ есепте, Тоқылған салса себетке?</p>	<p>Ой сергітеді, шаршағандары басылады</p>
<p>Бекіту</p>	<p>Шығармашылық тапсырма: 1-топ 2 және 3 $23= 2$ онд 3 бірл. $32=3$ онд 2 бірл</p>	<p>Әр топтан бір оқушы шығып тақтаға жазу. Тапсырма Слайд арқылы фигуралардың суретін</p>

	$23 = 20+3$ $32=30+2$ Шығарылу жолын түсіндіру. Әр топқа тапсырма беру 1 — топ _____ 2 — топ _____ 3 — топ _____ 1 — топ Үшбұрыштар 2 — топ Төртбұрыштар 3 — топ Көпбұрыштар	көрсету. Өз орнына апарып қою. Дидактикалық ойын түрінде өткізіледі.
Үйге тапсырма		Күнделіктеріне жазып беремін
Бағалау	Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау	Бағалау парақшасын толтырады.
Кері байланыс		Смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады